

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Аннотация.Мақалада бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту барысында сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың маңызы мен қажеттілігі баяндалған. «Цифрлық технология», «сандық білім беру ресурстары», т.б. ұғымдарға мазмұндық сипаттама беріліп, олардың білім алушыларды оқытуда пайдаланудың тиімділігі ашылып көрсетілген.

Кілт сөздер: цифрлық технология, сандық білім беру ресурстары, электрондық оқу құралдары, білім беру платформалары, цифрлық контент.

Білім беруді дамытудың заманауи кезеңі білім беру процесінің барлық қатысушыларының қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен пайдаланумен байланысты. Білім беруді ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясат «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [1] шеңберінде Қазақстан Республикасының білім берудің ұлттық моделін жетілдіруде айқындаушы болып табылады және оған әлемдік білім беру кеңістігінде ерекше бедел берді. Бұл міндет жұмыспен қамтылған халықтың көпшілігінің еңбек объектілері мен нәтижелері материалдық құндылықтар емес, ең бастысы ақпарат пен ғылыми білім, ақпараттық технологиялар болып табылатын ақпараттық қоғамның қалыптасуының заңды процестері арнасында қойылған. Қазақстанда қоғамды, тұтастай алғанда, білім беру саласын ақпараттандыруға көп көңіл бөлінеді.

Оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына үлесін қосатын нақты дүние - сандық білім беру ресурстары. Сандық ақпарат көздеріне: сандық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпараттар көзін (сандық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.) жатқызуға болады.


Сандық білім беру ресурстарының бастауыш мектепте пайдаланылуы кішкентай оқушылардың эмоционалдылығы мен көрнекіліктері қабылдауының жоғары деңгейімен анықталады, олар қызметтің ойындық формаларын жақсы қабылдайды, өзін-өзі бағалау әділдігі төмен және өздерінің қызығушылықтары мен көңіл-күйіне тәуелді болып келеді. Сандық білім беру ресурстарының пайдаланылуында қызықтылық факторы басты маңызда болмауына, оның оқу мақсаттарынан алшақ кетпеуіне көңіл бөлу қажет.

Сандық білім беру ресурстарының идеясы ақпаратты ұсынудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, жоғары сапалы графика мен анимацияларды енгізу бағдарламалық өнімді ақпаратқа бай және қабылдауға ыңғайлы етуге, ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналарына бір уақытта әсер ету қабілетінің арқасында қуатты дидактикалық құралға айналуға мүмкіндік береді.

Заманауи сабақ-бұл келесі белгілермен ерекшеленетін сабақ:

- оқушылардың мұғалімдермен еркін қарым-қатынасы;
- сабақта еркін тақырыпта сөйлесуге бірнеше минут бөлу;
- мұғалімнің әрқашан жақсы көңіл-күйі, өйткені оның эмоционалды жағдайы мен сабақты қабылдауы оқушыларға беріледі;
- сабақтың оқу материалының мазмұны оқушылар үшін қызықты болып табылады;
- оқулықта жоқ пән бойынша қосымша ақпаратты мұғалімнің қолдануы;
- өткен тақырыпты тек сұраным бойынша ғана сұрау;
- үй тапсырмаларын сәл азырақ беру.

Пән мұғалімдерінің сандық білім беру ресурстарын пайдаланып жұмыс жасау барысында ізденуі, тәжірибе жинақтауы өте қажет. Электрондық білім беру құзырлығын дамыту бағытында, сатылап әрекет етуге негізделген келесідей бағдарламалар тізбесін пайдалануға болады (1-сурет).



1-сурет. Электрондық оқу құралдарын даярлауға тиімді бағдарламалар тізбесі.

Бұл аталған бағдарламаларды қолдана отырып дайындалған электрондық оқыту құралдары баршылық. Оларды оқу процесінде белсенді қолдану – білім сапасының өсуіне, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, оқушылардың танымдық ой-өрісінің дамуына зор ықпалын тигізеді.

Сабақта цифрлық контентті пайдаланудың негізгі артықшылықтары оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында оқытылуға тиіс тақырыпты, меңгерілетін білім мазмұнын кең түрде жан-жақты талдауға мүмкіндік туатындығында, бұл өз кезегінде олардың функционалдық сауаттылығын дамытуда да тиімді рөл атқарады.

Оқушылар цифрлық контенттер негізінде қазақ тілі пәнін ғана емес, басқа да пәндерді игере отырып, жаңа білімді өздігінен меңгереді.

Бұрын мұғалімдер өз пәнін жақсы білсе, аздаған педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерсе, білім алушыны өз еркіне бағындырса, өте керемет ұстаз деген пікір қалатын. Қазіргі таңда қоғам мен техниканың қарыштап дамуына байланысты адамның да сана сезімі өзгерді. «Жаңа оқушылар» деген феномен пайда болды. Олардың максаттары да, құндылықтары да, табынатын идеялары бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Қазіргі білім алушылар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, романтик қиялшы емес, көп нәрсеге сене бермейтін жандар. Сондықтан баланы өзінен төмен көретін, көп ақыл айтатын, істен гөрі құрғақ сөзге бейім мұғалімдерді олардың жандүниесі қабылдамайды.

Қазіргі білім алушыларға:

- кәсіби шеберлігімен;
- креативті ойлау қабілетімен;
- қатысымдық құзыреттілігімен;
- ақпараттық мәдениетімен;
- жанашылдық іс-әрекетімен;
- педагогикалық технологияларды шебер меңгеруімен;
- оқытуда ең басты нәрсеге назар аудара білу қабілеттілігімен;
- материалды мазмұндау стилімен;
- оқушылардың өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыта білуімен ерекшеленетін жанашыл мұғалім қажет [2].

Қазақ тілі сабағында мұғалімнің атқаратын қоғамдық қызметі – оқушыға қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей белсенді оқу әрекетін қалыптастырып, қатысымдық уәждемелерін, танымдық қажеттіліктерін, қызығушылықтарын арттыру.

Сандық білім беру мазмұнының мақсаты – барлығына бірдей қолжетімді білім беру процесінің қатысушылары жаппай сапалы білім беруге бағытталған білім беру ресурстарымен және технологияларымен қамтамасыз ету.

Интерактивті білім беруде қазақ тілі пәні бойынша ұстазға қажетті бағдарламалардың бірі - ISpring бағдарламасы. Бұл бағдарлама - электронды оқытуды ұйымдастыруға арналған кәсіби құралдардың жетекші әзірлеушісі. ISpring QuizMaker көмегімен пән бойынша сапалы тесттер мен сауалнамалар жасалады. Бұл бағдарлама – білімді игеру сапасын жедел тексеру және қателерді дереу

түзету, олқылықтарды толықтыру мүмкіндігін береді. Сұрақтар мен жауаптарда графиканы, формулаларды, мультимедианы, Flash-анимацияны пайдалануға болады. Бағдарлама ұстаз еңбегін тартымды етіп қана қоймай, білім алушыларға ұсынылған тапсырмаларды қабылдауын жақсартады.

Қазақ тілі сабағын оқытудың жаңа компьютерлік жүйесі шартты белгілерден тұрады. Бұл арқылы оқушы нақтылыққа дағдыланады. Соның негізіне оқытудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады:

- білім алушылардың ойлану дәрежесіне, материалды қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауға болады;

- компьютер арқылы нашар еститін, сөйлеу қабілеті дамымаған, кемшіліктері бар балаларды оқытудың тиімділігі артады;

- компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;

- оқушының сабаққа деген қызығуын арттырады.

Осы жерде мұғалімдердің сабақ барысында қолдануға қолжетімді әрі білім алушының қызығушылықпен орындап, жүйелі білім алуына мүмкіндік беретін платформаларға тоқтала кетуді жөн көрдік.

1. *Kahoot* - білім беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен тест, сауалнама, оқу ойынын немесе білім марафонын жасауға болады. Оқушылармен тығыз қарым - қатынас орнатуға, сонымен жаңа материалды тереңдете түсу үшін кең көлемде қолданған тиімді.

2. *Wordwall* интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану төмендегідей мақсатты көздейді:

- оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

3. *Quizizz* - экспресс-сауалнамалар, тесттер, викториналар өткізуге арналған веб-құрал. <https://quizizz.com/admin> Quizizz бағдарламасын сыныпта да, үйде де пайдалануға болады. Бұл сервисті асинхронды және синхронды формада қолдануға болады. Синхронды (онлайн) түрде қолдану үшін, сайтқа кіріп, «начать вживую» батырмасын басу керек (немесе оқушылар сайтқа кіріп, ойын кодын жазу керек).

Оқушылар онлайн сабақ кезінде әркім өз қарқынымен жұмыс жасайды, тест сұрақтары дербес жүйелілік бойынша келіп отырады. Мұғалім шынайы уақытта оқушылардың жетістігін бақылай алады. Ал үй жұмысы ретінде викторина немесе тестті бергісі келсе, «назначить домашнее задание» батырмасын басу керек.

- Компьютерлік және саралап – деңгейлеп оқыту технологиясын оқыту үрдісіне енгізу негізінде:

- а) «Қазақ тілі» пәнінен электрондық оқулықты қолдану арқылы өткізілген сабақтардағы оқушылардың білім деңгейінің көрсеткіштерін анықтау.

- б) Қазақ тілінен өткізілген дәстүрлі және электронды оқулықты қолданып оқытылған сабақтардың білім сапасына әсерін зерттеу, талдау.

- в) Қазақ тілінен өткізілген дәстүрлі және электронды оқулықты қолданып, оқытылған сабақтардың салыстыруына сараптама.

Күтілетін нәтиже:

- *Wordwall* интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану арқылы оқушылардың қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыру.

- Бүгінгі таңдағы ақпарат ғасырындағы өмірге бейімделген, жан-жақты білімді жеке тұлға қалыптастыру.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, бұл күнде құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру қажет. Ал бұл мақсатқа әр сабақта интербелсенді әдістемені қолдану арқылы ғана жетуге болады.

Қазақ тілі пәнін оқытуда комикс әдісін пайдалану да тиімді болып саналады. Оқушылар берілген тақырып бойынша комикс құрастыру арқылы тақырыпты өз бетімен меңгеру мүмкіндігі туындайды. Жасөспірімдер арасында американдық «Marvel», «DC» және Жапонияның мәдениетіне тән «Мангалар» танымал (1-сурет).



1-сурет. Қазақ анимациялық мангасы.

Сондықтан, оқушылардың сауатты сөйлеу дағдысын дамытып, креативтілігін шындау үшін комикс әдісін қазақ тілін онлайн режимінде оқытуға интеграциялауды жөн көрдік. Өз кезегінде бұл дүниежүзінде кең қолданылтын STEAM (Science-ғылым, Technology-технология, Engineering-инженерия, Art-өнер, Mathematics-математика) моделінің негізгі принциптеріне сәйкес пәндер мен салалардың байланысын қамтамасыз етеді, әрі қазақ тілін оқытуды заманауи тұрғыдан жүзеге асыруға, мұғалімді білім алушылар алдында жаңашыл тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік береді [3].

«Қазақша комикс» әдісін жүзеге асыру үшін қажетті платформаларды іздеп, зерделей отырып, оқушылар мен мұғалімдерге де ыңғайлы сервис ретінде CANVA-ны таңдадық. Өйткені бұл сервистің компьютер арқылы сайты, смартфон арқылы қосымшасын қолдануға болады және онда презентация, хабарландыру жасайтын бөлімшелері де бар, яғни бірнеше жұмыс жасауға болатын кеңістік.

«Айтсаң-ұмытамын, көрсетсең - есте сақтаймын, қызықтырсаң -үйренемін». Бұл – кезкелген білім алушының психологиясындағы негізгі танымдық қағида. Осы қағиданы ұстанған функционалдық сауаттылықты дамытатын әрбір тіл маманы сын тұрғысынан ойлауды педагогикалық үдеріске толығымен енгізгенде оқытудың нәтижесін көре алады. Тиімділігі: оқушы белсенділігін арттырып, өз күшіне деген сенімін дамыта түседі. Тақырыпқа немесе тапсырмаға өз көзқарасын айту (жазу) арқылы материалды меңгеріп, жадына бекітеді.

Қорыта келгенде, «Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының тұжырымы оқу үдерісінде кеңінен қолдау тауып отыр.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы// <http://adilet.zan.kz>
2. Абильдина С.К., Айтжанова Р.М., Айдарбекова К.А. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал.-2018.- №4 (61), 245-247 б.
3. <https://qazcomics.kz/kz/comics/8/2>.

Алтынбекова Қ.Т., ШаушековаБ.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ АҚЫЛ-ОЙ ТӘРБИЕСІН БЕРУ

Аннотация. Мақалада «мультимедиялық құралдар» ұғымының мәні сипатталған, бастауыш сынып оқушыларының оқу процесінде мультимедиялық құралдарды қолдану ерекшеліктері анықталып, мультимедиялық құралдарды қолданудың әсері сипатталған. Мультимедиялық құралдарды қолдану оқушыларға ақыл-ой тәрбиесін беруде, бастауыш сынып оқушыларын оқыту